



DEPARTMENT OF
POLITICAL SCIENCE

FOUNDED 1999

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Журналистика және саясаттану факультеті
Саясаттану кафедрасы

L.N. Gumilyov Eurasian National University
Faculty of Journalism and Political Science
Department of Political Science

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
Факультет журналистики и политологии
Кафедра политологии

**«АЙМАҚТЫҚ ЖӘНЕ ЖАҒАНДЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ
САҚТАУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ РӨЛІ»**
XII-ші Халықаралық ғылыми-практикалық
конференция материалдары
7 сәуір 2022 ж.

**«THE ROLE OF THE STATE IN MAINTAINING REGIONAL AND
GLOBAL SECURITY»**

Proceedings of the XII-International Scientific and Practical Conference
on April 7, 2022

**«РОЛЬ ГОСУДАРСТВА В СОХРАНЕНИИ РЕГИОНАЛЬНОЙ И
ГЛОБАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»**

Материалы XII-Международной
научно-практической конференции
7 апреля 2022 г.

Нұр-Сұлтан, 2022

УДК 327(063)

ББК 66.4 (0)

С 69

Редакционная коллегия:

Кандидат исторических наук, профессор **Б.А. Габдулина**, Казахстан

Кандидат политических наук, профессор **М.К. Дюсембекова**, Казахстан

Кандидат политических наук, профессор **Е.Л. Нечаева**, Казахстан

Доктор политических наук, профессор **Е.В. Матвеева**, Россия

Магистр социальных наук, преподаватель **Н. Болатұлы**, Казахстан

«Роль государства в сохранении региональной и глобальной безопасности». Сборник материалов XII-Международной научно-практической конференции. (7 апреля 2022 г.) – Нур-Султан, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева.

ISBN 978-601-337-516-8

Сборник материалов международной научно-практической конференции содержит тезисы докладов преподавателей, докторантов PhD, магистрантов в области политических наук. Основная тематическая направленность дискуссионных вопросов отражает аспекты реализации социальной политики государства в условиях глобализации, актуальные проблемы политической науки.

В докладах сохранен авторский стиль. Материалы сборника предназначены для широкого круга научной и научно-педагогической общественности, могут быть использованы в теории и практике прикладной политологии и международных отношений.

Ответственность за аутентичность и точность цитат, имен, названий и иных сведений, а также за соблюдение закона об интеллектуальной собственности несут авторы публикаций.

ISBN 978-601-337-516-8

© Кафедра политологии
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2022.

«Аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті сақтаудағы мемлекеттің ролі» атты XII-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

қызметке айналуға. Әрине, әйелдер саяси белсенділікті олардың тиісті білімі, амбициясы және ең қиын саяси аренада өз әлеуетін іске асыруға ұмтылысы болғандықтан таңдайды. Қазіргі таңда Қазақстандық әйел-саясаткерлердің саяси аренадағы белсенділігі қуантуды. Тәуелсіздік алғаннан бері көптеген әйел-саясаткерлер өзінің саяси өмірін, саяси қызметін дамытуда. Менің ойымша, осылай әйел-саясаткерлердің жетістіктерімен, олардың біздің елімізге қосқан үлесіне байланысты, Қазақстан басқа да шет мемлекеттердің әйел-саясаткерлермен қатарлас болатынына кәміл сенемін.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының [Конституциясы](#).
2. Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 маусымдағы № 248 Заңымен ратификацияланған Әйелдерді кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы [конвенция](#).
3. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 желтоқсандағы № 18-II Заңымен ратификацияланған Әйелдердің саяси құқықтары туралы [конвенция](#).
4. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының [Кодексі](#).
5. Қазақстан Республикасының [Еңбек кодексі](#).
6. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының [Заңы](#).
7. Выступление Президента Республики Казахстан Назарбаева Н.А. на IV Форуме женщин Казахстана // Казахстанская правда. – 2005. – 16 октября.
8. Национальный доклад Совета по правам человека. Казахстан. [Электронный ресурс] – Режим доступа. – URL: <http://www.ohchr.org/EN/HRBodies/UPR/Pages/KZSession20.aspx> (дата обращения 16.03.2015)

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ Өңірлерді дамыту
саласындағы мемлекеттік саясаты**

Қабылбай Ақбота Болатқызы
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,
саясаттану кафедрасының 1 курс магистранты,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы
bota.kabylbay@mail.ru

Жанпеисова Каргаш Далелхановна
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,
саясаттану кафедрасының доценті,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы
zhanpeisova73@mail.ru

Аннотация

Бұл мақалада Қазақстан Республикасының аймақтық саясатының теориялық негіздері қарастырылады. Сондай-ақ, бүкіл еліміздің әлеуметтік-экономикалық инфрақұрылымын, экономикалық белсенділікті нығайтуға және халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға ықпал ететін өңірлердің тиімді және үйлесімді дамуы үшін мемлекет қолданатын әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және басқа да шараларға шолу жасалады. Өңірлік саясатты зерттеудің мақсаты – инфрақұрылымды, экономикалық белсенділікті нығайтуға және халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға көмектесетін маңызды инвестициялық жобаларды

«Аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті сақтаудағы мемлекеттің рөлі» атты XII-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

іске асыру арқылы әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлеріндегі аймақтар арасындағы айырмашылықты азайту талданады.

Кілт сөздер: аймақтық саясат, тұрақты даму, әкімшілік-аумақтық бірлік, аймақтардың революциясы, жолдаулар.

Мемлекеттің ішкі саясатын жүргізуде маңызды аспектілерінің бірі өңірлік саясат болып табылады. Өңір дегеніміз – ел аумағының белгілі бір шекарамен бекітілген, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым қызмет ететін және нақты табиғи-географиялық, демографиялық және әкімшілік белгілерімен сипатталатын, қалыптасқан өнеркәсіп кешенінен тұратын мемлекет бөлігі.

Өңірлік саясат – елдің ресурстарын ұтымды пайдалануға, өндіргіш күштерді бөлуге, экономикалық әлеует пен азаматтардың әлеуетін дамытуға бағытталған мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының бөлігі.

Мемлекеттік өңірлік саясат – ағымдағы және стратегиялық мақсаттарға сәйкес елдің өңірлік дамуы саласында мемлекет жүзеге асыратын ұйымдық-құқықтық және экономикалық әдістердің жиынтығы.

Аймақтық саясатты әзірлеу кезінде аймақтардың әртүрлілігін ескеріп, әлеуметтік-экономикалық жағдайдағы айырмашылықтарды жүйелеп, олардың түрлерін бөліп көрсету қажет.

Аймақтық саясат Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық саясатының дербес және маңызды элементі ретінде өткен ғасырдың 90-жылдарының ортасында қалыптаса бастады. Тәуелсіздік алғаннан бастап Қазақстан Республикасының жүргізілген өңірлік саясаты әртүрлі кезеңдерден өтті. Елде мақсатты аймақтық саясатты жүзеге асырудың ынталандырушы факторы КСРО-ның ыдырауына байланысты туындаған және нашар дамыған аймақтарға көбірек зардап шеккен экономикалық дағдарыстың салдарын жою қажеттілігі болды. Осы жағдайларда мемлекеттік аймақтық саясаттың рөлі ұдайы өсті. Қазақстанның нарықтық экономикалық қатынастардың даму жолына көшуінің басталуымен экономиканы реттеу әдістерінің кеңірек қолданылуына байланысты аймақтық мемлекеттік саясатты жүргізудің мазмұны мен әдістерінің рөлі мен сапалық өзгеруі артты. Осы мәселеге үлкен мән берген Үкімет оны шешу үшін бірқатар шараларды қолға алды. 1996 жылы Қазақстан Республикасының Өңірлік саясатының тұжырымдамасы әзірленді, 2001 жылы жаңа кезекті «Қазақстан Республикасының 2002-2006 жылдарға арналған өңірлік саясатының тұжырымдамасы» қабылданды [1]. Бұл мәселе барлық стратегиялық құжаттарда бір дәрежеде көтерілді. Осылайша, «Стратегиялық жоспар – 2020» бағдарламасында өңірлерді дамыту реформасы еліміздің жаңа экономикалық саясатының негізгі құрамдас бөлігіне айналып отырғаны баса айтылды.

Еліміздің үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының қабылданған бағдарламасында халықтың әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатының деңгейі мен олардың әлеуметтік-экономикалық дамуы бойынша өңірлер арасындағы айырмашылықтарды азайту да қарастырылды. Одан әрі 2011 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 01.01.2001 жылғы қаулысымен өңірлердің өзекті әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешуді көздейтін «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы бекітілді. Бұл бағдарламаны іске асыру 2 кезеңде жүзеге асырылады деп күтілуде: 1 кезең – 2011 және 2012 (пилоттық), 2 кезең – 2013 – 2020 жылдар. Және, сайып келгенде, Қазақстанның өңірлік саясатын оңтайландырудың маңызды шараларының бірі ретінде арнайы Өңірлік даму министрлігі құрылуда.

Аймақтық саясат орталық және жергілікті билік органдары жүзеге асыратын және өндірісті бөлуді реттеуге бағытталған әртүрлі заңнамалық, әкімшілік және экономикалық шаралар кешенін қамтиды.

Мемлекеттің аймақтық саясаты – бұл елдің экономикалық, әлеуметтік және саяси дамуын кеңістіктік, аймақтық аспектіде басқару жөніндегі қызмет саласы, яғни мемлекет пен

«Аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті сақтаудағы мемлекеттің рөлі» атты XII-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

аудандар арасындағы, сондай-ақ аудандардың өздері арасындағы қарым-қатынасқа қатысты болып табылады.

Аймақтық саясаттың негізгі бағыттары:

- өңірлік дамудың қозғаушы күштерінің өзара байланысын анықтау және олардың өзара әрекетін қамтамасыз ету (экономиканың мемлекеттік және жеке секторлары, аймақтық дамудың ішкі және сыртқы факторлары мен ресурстары);
- дамудың ұлттық және аймақтық аспектілерінің, экономиканы басқарудың орталық және аймақтық деңгейлерінің өзара байланысын анықтау;
- артта қалған аудандардың экономикасының көтерілуі және жаңа аймақтар мен ресурстардың игерілуі;
- халық шаруашылығы мәселелерін шешу;
- урбанизация мәселесін шешу.

Өңірлік саясат сонымен қатар демографиялық, аграрлық саясаттың аймақтық аспектілерін және мемлекеттік қызметтің басқа салаларын ескеруі керек. Осы салалардың әрқайсысына мемлекеттің қатынасы және олар бойынша жүзеге асырылатын нақты іс-шаралар мемлекеттің барлық дамыған елдерінде аймақтық іс-шараларға белсене араласатын аймақтық саясатының мазмұнын құрайды.

Аймақтың дамуы көп өлшемді процесс, ол әдетте әртүрлі әлеуметтік және экономикалық мақсаттардың үйлесімі тұрғысынан қарастырылады. Біз тек экономикалық даму туралы айтатын болсақ та, ол әдетте әлеуметтік дамумен бірге қарастырылады. Әлеуметтік-экономикалық даму мынадай аспектілерді қамтиды: өндіріс пен табыстың өсуі; қоғамның институционалдық, әлеуметтік және әкімшілік құрылымдарындағы өзгерістер; қоғамдық санадағы өзгерістер; дәстүрлер мен әдеттердің өзгеруі[2].

Қазіргі уақытта дүние жүзінің көптеген елдерінің және олардың аймақтарының экономикалық дамуының басты мақсаты халықтың өмір сүру сапасын арттыру болып табылады. Демек, әлеуметтік-экономикалық даму процесі үш негізгі құрамдас бөлікті қамтиды: табыстарды арттыру, халықтың денсаулығын жақсарту және оның білім деңгейін көтеру; адамның қадір-қасиетін құрметтеуге бағытталған әлеуметтік, саяси, экономикалық және институционалдық жүйелерді қалыптастыру нәтижесінде адамдардың өзін-өзі бағалауының өсуіне қолайлы жағдай жасау; адамдардың еркіндік дәрежесін, оның ішінде олардың экономикалық еркіндігін арттыру.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің негізгі міндеттерінің ішінде өңірлік даму саласындағы саясатты қалыптастыру маңызды орын алады. Бұл агломерациялар мен екінші деңгейлі қалаларды, шағын және моноқалаларды дамыту, ауылдық және шекаралас аумақтарды дамыту бойынша ұсыныстар әзірлеуді, өңірлердің дамуын талдауды, сондай-ақ ішкі әлеуметтік анықтауды, жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігін мониторингтеу және бағалау, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту саласындағы саясатты қалыптастыру бойынша ұсыныстар әзірлеу, ел ішінде өңіраралық ынтымақтастықты дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз ету.

Аймақтық реформаның негізгі элементтері ретінде «экономикалық өсу орталықтары» жаңа индустрияландыру картасы және Республиканың өндіріс күштерін дамыту және тарату схемасы шеңберінде қарастырылды. Қазақстанның батысында олар мұнай-газ секторы, химия өнеркәсібі негізінде дамитын болады. Орталықта, еліміздің солтүстігінде, оңтүстігінде және шығысында тау-кен металлургия кешенінде, атом, химия және ауыл шаруашылығы салаларында экономикалық өсу орталықтарын қалыптастыру басталады деп күтілуде. Еліміздің солтүстік-батыс және оңтүстік өңірлерінде экспорттық әлеуеті жоғары ресурстық емес секторлар мен агроөнеркәсіп кешенін дамыту керек.

Сонымен қатар, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2021 жылғы 5 ақпанда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеуге дайындық жөніндегі мемлекеттік комиссияның бірінші отырысында сөйлеген сөзінде:

«Аймақтық және жаһандық қауіпсіздікті сақтаудағы мемлекеттің ролі» атты XII-ші Халықаралық ғылыми-практикалық конференция жинағы

«Біз аймақтық деңгейде қалыптасқан барлық теңгерімсіздіктер мен кедергілерді біртіндеп жоямыз, өйткені қуатты тәуелсіз Қазақстанды құру үшін бізге бәсекеге қабілетті аймақтар және әрбір қала мен ауылдың тұрақты дамуы қажет».[3]

Аймақтар дамуының белсенділігі мен ұтқырлығына тарихи, климаттық, әлеуметтік-экономикалық, демографиялық, көші-қон жағдайлары мен факторлары шешуші әсер етеді.

Қазақстан әкімшілік жағынан республикалық маңызы бар 3 қалаға және экономиканың қалыптасқан экономикалық әлеуеті мен құрылымы, ЖІӨ орташа көрсеткіштері және халықтың өмір сүру деңгейі бойынша айтарлықтай ерекшеленетін 14 облысқа бөлінген. Ал тиімді аймақтық саясатты әзірлеу және жүзеге асыру мәселесі бірнеше себептерге байланысты шиеленісе түсті. Біріншіден, аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлеріндегі аумақтық айырмашылықтар объективті табиғи-климаттық жағдайларға, географиялық жағдайға, демографиялық жағдайға байланысты дамыды. Екіншіден, жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу аймақтардың нарықтық жағдайға тез бейімделу қабілетінің әртүрлі болуынан әлеуметтік-экономикалық күйзелістерге әкелді.

Сонымен қатар, аймақ мәселесі бойынша ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа жолдаған 2019-2022 жолдауларында мемлекеттің өркендеуі - тікелей аймақтардың өркендеуіне байланысты екеніне тоқталып, «Мықты өңірлер – қуатты ел» қағидасын ұсынған болатын.[4]

Соңғы жолдауға сәйкес, әкімшілік аумақтық бөлініс негізінде 14 облысқа кішігірім өзгерістер енгізілмек. Олардың бірі, «Абай, Ұлытау, Жетісу облыстарын енгізу туралы шешім қабылданды. Семей облысының атауын Абай деп өзгертіліп, облыс орталығы Жезқазған қаласы аумағында Ұлытау аймағын құру. Алматы облысын Жетісу мен Алматыға бөлу, Алматы облысының орталығы Қапшағай, Жетісу облысының орталығы Талдықорған қаласы туралы ұсыныстар қарастырылды.»[5]

Қорытындылай келе, өңірлік саясат деп өңірлерді тиімді және үйлесімді дамыту, проблемалы аймақтарға тең өмір сүру жағдайларына қол жеткізу, халықты жұмыспен қамту, халықты жұмыспен қамту үшін қалғандарымен тең мүмкіндіктер беру үшін мемлекет қолданатын экономикалық, құқықтық, әлеуметтік және басқа да шаралар кешені түсініледі. т.б.

Аймақтық саясаттың мақсаты инфрақұрылымды, экономикалық белсенділікті нығайтуға және халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға көмектесетін маңызды инвестициялық жобаларды іске асыру арқылы әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлеріндегі аймақтар арасындағы айырмашылықтарды азайту болып табылады.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы үшін жалпы елдің экономикасын жаңғыртудың қозғаушы күшіне айналуы мүмкін дамыған өңірлік орталықтардың экономикалық белсенділігін арттыруға бағытталған аумақтық дамудың жаңа, заманауи тұжырымдамасын әзірлеудің бірінші кезектегі міндетін, сондай-ақ аймақтардың тиімді экономикалық мамандануын қалыптастыру қажет. Дүние жүзінің барлық елдерінде – географиялық орналасуының, табиғи-климаттық жағдайларының, демографиялық жағдайының, даму тарихының және басқа факторлардың айырмашылығына байланысты – аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі әртүрлі. Бұл көптеген күрделі әлеуметтік-экономикалық проблемаларды тудырады, соның нәтижесінде әрбір мемлекет артта қалған аймақтардың өмір сүру деңгейін жақсартуға ұмтылады, яғни осы аймақтардың жағдайын теңестіруге және даму деңгейін көтеруге бағытталған аймақтық саясатты жүргізуге тырысады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Концепция региональной политики Республики Казахстан. Одобрена постановлением Правительства Республики Казахстан от 9 сентября 1996 г. N 1097. – Алматы, 1997.

Концепция региональной политики Республики Казахстан на 2002-2006 годы. – Астана, 2001.

2. Каренов Р. С. Шаекина Ж. М. Рыночные методы хозяйствования в экономике Казахстана. – Алматы: Галым, 1995. – 244с.

3. https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-respublikasy-tauelsizdiginin-30-zhyldygy-n-merekeleuge-daiyndyk-zhonindegi-memlekettik-ko

4. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы Қазақстан халқына Жолдауы

COOPERATION BETWEEN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND ASEAN: PROBLEMS AND PROSPECTS

Maulenbayeva Aruzhan Askharkyzy

maulenbayeva.aruzhan@mail.ru

Kazakh University of International Relations and
World Languages named after Abylai Khan,

Almaty, Kazakhstan

Scientific supervisor – Askhat G.

Abstract

The article examines the place and role of one of the most authoritative regional institution of the Asian-Pacific region, the Association of Southeast Asian Nations, in the foreign policy of the Republic of Kazakhstan. The attempts of the Republic of Kazakhstan to join the ASEAN Regional Forum have been analyzed, and the causes that hinder Kazakhstan's accession in the forum have been discussed. Further, author concludes that the main reasons impeding the cooperation between the association and the Republic of Kazakhstan are the geographical remoteness of the regions and slow process of the development of the relations with the ASEAN member states. Besides existing obstacles on the way of cooperation, there is a number of promising areas where the integration is expected to be successful.

Key words: ASEAN, ARF, Cooperation, Asian-Pacific region, Kazakhstan.

Андатпа

Мақалада Азия-Тынық мұхиты аймағының ең беделді аймақтық институттарының бірі – Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің ассоциациясының Қазақстан Республикасының сыртқы саясатындағы орны мен рөлі қарастырылады. Қазақстан Республикасының АСЕАН өңірлік форумына қосылу әрекеттеріне талдау жасалынады, сондай-ақ Қазақстанның форумға кіруіне кедергі келтіретін себептер талқыланады. Бұдан әрі автор қауымдастық пен Қазақстан Республикасы арасындағы ынтымақтастыққа кедергі келтіретін негізгі себептер өңірлердің географиялық шалғайлығы және АСЕАН-ға мүше елдермен қатынастарды дамытудың баяулығы болып табылады деген қорытындыға келеді. Ынтымақтастық жолындағы кедергілерден басқа, табысты интеграция күтілетін бірқатар перспективалы салалар қарастырылады.

Түйін сөздер: АСЕАН, АРФ, Ынтымақтастық, Азия-Тынық мұхиты аймағы, Қазақстан.

Аннотация

В статье рассматриваются место и роль одного из наиболее авторитетных региональных институтов Азиатско-Тихоокеанского региона – Ассоциации государств Юго-Восточной Азии - во внешней политике Республики Казахстан. Были проанализированы попытки Республики Казахстан присоединиться к Региональному форуму АСЕАН, а также